



Құрметті студент!

2017 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B051000	«Мемлекеттік және жергілікті басқару»	1. Маркетинг 2. Макроэкономика 3. Менеджмент 4. Мемлекеттік басқару теориясы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Маркетинг
 - Макроэкономика
 - Менеджмент
 - Мемлекеттік басқару теориясы
- Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Маркетинг

1. Адамның сатып алуудағы таңдауына әсер ететін психологиялық фактор:

- A) Ынталандыру
- B) Рухани
- C) Меңгеру
- D) Қаржылық
- E) Қабылдау

2. Нарықты мінез-құлықтық қағида негізінде сегменттеу сипаттайды:

- A) Тұтынушылар әдет -ғұрпын
- B) Тұтынушылардың тауарды пайдалану қарқынын
- C) Тұтынушылар санын
- D) Адамдардың тұлғалық сипаттамаларын
- E) Адамдардың өмір сүру бейнесін

3. Нарықты психографиялық қағидамен сегменттеу сипаттайды:

- A) Адамдардың тұлғалық сипаттамаларын
- B) Адамдардың өмір сүру бейнесін
- C) Тұтынушылар тәртібін
- D) Халықтың орналасу тығыздығын
- E) Халықтың кәсіп түрі мен табыс деңгейін
- F) Халық санын
- G) Тұтынушылар әдет -ғұрпын

4. Тауардың өміршеңдік циклі кезеңі:

- A) Құлдырау және нарықтан кету
- B) Нарыққа ену
- C) Нарықтан кетпеу
- D) Нарықта құлдырамау
- E) Нарықтан жедел кету

5. Тауар ассортиментін сипаттайтын көрсеткіштер:

- A) ассортимент тереңдігі
- B) ассортименттің қамтылуы
- C) ассортимент көлденеңі
- D) ассортимент саны
- E) ассортименттің қайталанбауы

6. Тарату арналарының буыны:

- A) Делдал
- B) Шағын көтерме саудагер
- C) Сатып алушы
- D) Жабдықтаушы
- E) Бөлшек саудагер, көтерме саудагер
- F) Өндіріс
- G) Өндіруші, тұтынушы

7. Шетелдік нарықта өнімді жылжытудың басты құрамдастары:

- A) Өзіндік жылжытулар
- B) Делдал арқылы сату
- C) Жанама сату
- D) Көтерме сату
- E) Келісім шарттар
- F) Арналармен сату

8. Халықаралық маркетингтің қарастырылатын негізгі орталары:

- A) халықаралық орта
- B) мегаорта
- C) мәдени орта
- D) экономикалық орта
- E) нарықтық орта
- F) медиаорта
- G) саяси-құқықтық орта

9. Ремаркетингке байланысты маркетингтің міндеті мен мақсаты:

- A) жаңа нысаналы нарықты табу
- B) тауарды сатуды шектеу
- C) жаңа нарыққа сәйкес тауар қасиетін өзгерту
- D) бағаны кенеттен көтеру
- E) жарнаманы азайту
- F) коммуникацияны тиімді жүргізу

10. Маркетингтің негізгі қолданысы аспектісі:

- A) шаруашылық қызметі ретінде
- B) экономикалық үрдіс
- C) баға икемлілігі
- D) сегменттеу принциптері
- E) нарық құрылымы

11. Шығу мерзіміне байланысты ақпараттың түрлері:

- A) анықтамалық ақпарат
- B) кепілдемелік ақпарат
- C) эпизодтық ауық-ауық ақпарат
- D) хабарламалы ақпарат
- E) тұрақты ақпарат
- F) нормативтік ақпарат
- G) бастапқы ақпарат

12. Ақпараттардың өңделуіне байланысты түрлері:

- A) бастапқы
- B) хабарламалы
- C) тұрақты
- D) екінші реттік
- E) реттелген
- F) анықтамалық
- G) туынды

13. Географиялық қағида бойынша баға белгілеу:

- A) Құрамына жеткізу шығындарын кіргізе отырып бірегей баға бекіту
- B) Бәсекелестердің санына және күшіне байланыстырып баға бекіту
- C) Мемлекеттің баға бекітуі
- D) Өнім өндірілген жерде франко-вагон бағасын бекіту, мұнда тапсырушы тасымалдау шығындарын өзі төлейді
- E) Нарық ерекшелігіне байланыстырып баға бекіту
- F) Делдалдың баға тағайындауы байланысты

14. Тауарлық белгінің түрі:

- A) фирманың аты
- B) фирма символы
- C) фирма белгісі
- D) фирма әнұраны
- E) тауар лицензиясы
- F) франшиза

15. Маркетингтік коммуникацияның тиімділігін арттыру шарттары:

- A) делдалдардың қызметін басқарып отыру
- B) тауардың ерекшелігін есепке алу
- C) бәсекелестердің тауарына ұқсас тауарлар шығару
- D) көзделген шараларды жүйелі түрде орындау
- E) тұтынушылардың жасын есепке алу
- F) тауардың өмірлік кезеңдерін есепке алу
- G) тауар мен қызметтің бағасын төмендету

16. Дүкенсіз бөлшек сауданы жүргізу жолдары:

- A) сауда автоматтары арқылы сауда жүргізу
- B) комивояжер арқылы сауда жасау
- C) жеткізіп беру арқылы сауданы ұйымдастыру
- D) тұтынушының үйінде тікелей тауар сату
- E) тікелей тауар өткізу әдістерін қолдану

17. Компанияның мақсатына байланысты жарнаманың түрлері:

- A) ақпараттық жарнама
- B) көз жарнамасы
- C) тауар жарнамасы
- D) қатаң жарнама
- E) эмоционалды жарнама
- F) тікелей жарнама

18. Жылдық жоспарлардың орындалуын бақылаудың негізгі құралдары:

- A) Кадрларды талдау
- B) Қаржыларды талдау
- C) Қолда бар қаражатты талдау
- D) Нарық үлесін талдау
- E) Шығындарды талдау
- F) Маркетинг бюджетін талдау

19. Маркетингтің стратегиялық жоспарлауының бірінші кезеңі:

- A) Миссия таңдау
- B) Жоспарларды жүзеге асыру
- C) Қысқа мерзімді жоспар құру
- D) Нәтижелерді бақылау
- E) Тактика таңдау
- F) Делдалдарды таңдау

20. Маркетинг делдалдары:

- A) маркетингтік қызметін атқаратын арнайы агентстволар
- B) сауда делдалдары, қаржы-несие мекемелері
- C) көтерме саудамен айналысатын жеке тұлға
- D) бөлшек саудамен айналысатын сауда орталықтары
- E) нарық сиымдылығын зерттеу бағытындағы қызметтер
- F) нарықты сегменттеу бойынша фирмалар
- G) сатып алушылардың арнайы топтары

21. Американдық ғалым Д.Шварцтың адамды сатып алуға итермелейтін эмоционалды себептер:

- A) өз артықшылығын көрсету үшін сатып алу
- B) сапалы, тиімді болғандықтан сатып алу
- C) сәндікке ие болу, қоғамда өз орнына ие болу үшін сатып алу
- D) билікке, беделге ие болу, білімділігін ұлғайту үшін сатып алу
- E) жарнамасы жоғары деңгейде болғаны үшін сатып алу
- F) қоғамдағы жағымсыз жайлардан арылу үшін сатып алу

22. Жаңа тауарды сатып алушылардың, тұтынушы ретіндегі түрлері:

- A) «құмартушылар», «қарсы болушылар»
- B) «жақтаушылар», «прогресшілер»
- C) «мода қуушылар», «беделділер»
- D) «жиі келушілер», «көңілді клиенттер»
- E) «прогресшілер», «күмәнданушылар»
- F) «көтерме саудагерлер», «бөлшек саудагерлер»

23. Бағаны бақылауға байланысты бәсекелік ортаның түрі:

- A) бағаны фирма бақылайтын орта
- B) бағаны мемлекет бақылайтын орта
- C) демократиялық тұрғыдан баға белгіленетін орта
- D) бағаны нарық бақылайтын орта
- E) бағаны бөлшек саудагерлер бақылайтын орта

24. Маркетинг қаржысын анықтау үшін қолданылатын «Қолда бар қаржы» әдісінің кемшіліктері:

- A) тұтынушыларды зертеу жұмыстары жүргізіледі
- B) тауарды жылжытуға қажетті деңгейде көңіл бөлінбеуі
- C) фирма мақсаты мен шығыны арасындағы байланыс ескерілмейді
- D) тауардың жарнамасы жеткілікте түрде жүргізіледі
- E) тауарды жетілдіруге жеткілікті көңіл бөлінбеуі
- F) тұтынушылардың талап-тілектері қарастырылады
- G) кәсіпорынның қызметкеріне көңіл бөлінеді

25. Эванс жіктемесі бойынша, қызмет көрсетушінің еңбек сипатына байланысты түрлері:

- A) материалдық қызметтер
- B) дене еңбегі арқылы берілетін қызметтер
- C) білім саласындағы қызметтер
- D) тікелей берілетін қызметтер
- E) автоматтандырылған қызметтер

**Маркетинг
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Макроэкономика

1. Жабық экономикада:

- A) Таза экспорт кемиді
- B) Корпорациялар пайдасы өседі
- C) Жиынтық шығындар тұрақты
- D) Таза экспорт импортқа тең
- E) Өнімдер экспортталмайды
- F) Таза экспорт нөлге тең
- G) Таза экспорт өседі

2. Әлеуетті (потенциалды) ЖІӨ:

- A) Өндіріс қуаттарын 100% қолданып өндірілген өнім
- B) Номиналды ЖІӨ-ге кері пропорционал
- C) Барлық елдерде бірдей шама
- D) Бағалар деңгейінен тәуелсіз
- E) Теріс шама

3. Макроэкономикалық талдаудың негізгі мәселелері:

- A) Баға деңгейі
- B) Еңбек өнімділігін арттыру
- C) Жалақы мөлшері
- D) Өндіріс шығындарының құрылымы
- E) Жекеленген тұтынушылардың іс-әрекеті
- F) Өндіріс тиімділігін арттыру

4. «Ағын» айналымы:

- A) Бір жылдағы жұмыссыздар саны
- B) Бір жылдағы жұмыстан айырылғандар саны
- C) Мемлекеттік қарыз мөлшері
- D) Қолданылатын капитал көлемі
- E) Тұтынушы мүлкі
- F) Бюджет тапшылығы

5. Табыстар әдісі бойынша ЖІӨ есептеуде қолданылады:

- A) Капиталға пайыз
- B) Жалақы
- C) Импорт
- D) Тауарлар мен қызметтерді сатып алу мемлекеттік шығындары
- E) Жалпы жеке инвестициялар
- F) Тұтыну шығындары

6. AD-ның бағадан тыс факторларына жатады:
- A) Бағалар деңгейінің өзгеруі
 - B) Импорттық тауарларды сатып алу салдары
 - C) Ақша айналысының жылдамдығы
 - D) Байлық салдары
 - E) Пайыз мөлшерлемесінің салдары
7. Ұлттық банк ақша ұсынысын азайтса:
- A) AD қисығының аралық кесіндісінде
 - B) IS қисығында
 - C) Қысқа мерзімдік кезеңде баға деңгейі икемсіз
 - D) AS қисығының аралық және классикалық кесінділерінде
 - E) AD қисығының кейнсиандық кесіндісінде
 - F) Жиынтық сұраныстың қысқаруы байқалады
 - G) LM қисығында
8. Төлем балансының құрамдық бөлігі ағымдағы операция шотына жататындар:
- A) Бір жақты трансферттік төлем
 - B) Алтын қоры
 - C) Портфельдік инвестиция
 - D) Шетел активіндегі өзгеріс
 - E) Инвестициядан таза табыс
 - F) Қор жинау
 - G) Тауар экспорты
9. AD қисығына қатысты қате тұжырымдар:
- A) AD қисығы төмен оңға бағытталған
 - B) Қысқа мерзімде AD қисығы көлденең сызық
 - C) Бағалық факторлар AD қисығын оңға және солға жылжытады
 - D) AD қисығының бойымен жылжу жиынтық сұраныстың жалпы баға деңгейі динамикасына байланысты өзгерісін бейнелейді
 - E) AD қисығы P мен Y арасындағы тура тәуелділікті бейнелейді
10. Ұсыныс жағынан сілкініс болған жағдайда:
- A) Атаулы жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді
 - B) Нақты жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді
 - C) Жиынтық сұраныс қисығы солға-төмен жылжиды
 - D) Жұмысбастылық төмендейді
 - E) Баға да, өнім көлемі мен жұмысбастылық та өседі
 - F) Өнім көлемі төмендейді
 - G) Баға өседі

11. Кейнстік үлгіде:

- A) Фискалды саясат макроэкономикалық тұрақтандырудың ең тиімді құралы
- B) Макроэкономикалық саясат белсенді
- C) Негізгі теңдеу $MV = PY$
- D) Макроэкономикалық саясат пассивті, себебі экономика тұрақты
- E) Толық жұмысбастылық өзі орнайды
- F) Монетарлық саясат макроэкономикалық тұрақтандырудың ең тиімді құралы

12. Пайыз мөлшерлемесі төмендегенде:

- A) Тұтыну шығындары да, қор жинау да өседі
- B) Тұтыну шығындары және қор жинау өзгермейді
- C) Күтілетін пайдалылық мөлшері төмендейді
- D) Тауарға сұраныс ұсыныстан жоғары болады
- E) Инвестициялар жоғары болады

13. Сандық ақша териясының негізі:

- A) Ақшаның құндылығы ұлттық валютаның төлем қабілеттілігін қамтамасыз ететін алтын мен шетел валюталарының көлемімен анықталады
- B) Экономикадағы ақша көлемі тауарлар бағасының деңгейін анықтайды
- C) Ақша - бұл әрбір елдегі тарихи қалыптасқан және мемлекеттің заңымен бекітілген ақша айналысын ұйымдастыру формасы
- D) Ақшаның құндылығы нарықтағы ресурстар мен факторларға сұраныс пен ұсыныстың арақатынасымен анықталады
- E) Экономикадағы ақша көлемі тауарлар бағасының деңгейін анықтайды, ал ақша массасының өсу қарқыны инфляция қарқынын тудырады

14. Ақша сұранысын анықтайтын негізгі факторлар

- A) Табыс дәрежесі
- B) Процент ставкасы
- C) Тұтыну дәрежесі
- D) Мемлекеттік шығындар
- E) Ақша айналымының жылдамдылығы

15. Ақша-несие саясатының құралы:

- A) Алтын қоры
- B) Міндетті резервтер нормасының өзгеруі
- C) Құнды қағаз
- D) Несие беру лимиті мен пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу
- E) Сертификат

16. Графикте IS қисығынан жоғары жатқан нүктелерде:

- A) Игіліктер нарығында артықшылық
- B) Тауарлар мен қызметтерге сұраныс артық
- C) Ақша ұсынысы оның сұранысынан көп
- D) Игіліктер нарығында тапшылық
- E) Ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан артық
- F) Тауарлар мен қызметтерге сұраныс ұсыныстан көп
- G) Ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан аз

17. IS қисығының солға жылжуының себептері:

- A) Жинақтардың азаюы
- B) Мемлекеттік шығындардың өсуі
- C) Тұтынушы шығындарының өсуі
- D) Инвестициялық шығындардың өсуі
- E) Салықтардың азаюы
- F) Салықтардың көбеюі

18. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі:

- A) Жұмыссыздықтың тұрақты деңгейі
- B) Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық сомасы
- C) Циклдық және құрылымдық жұмыссыздықтарының айырмасы
- D) Циклдық және құрылымдық жұмыссыздық сомасы
- E) Фрикциондық және циклдық жұмыссыздық сомасы

19. Инфляция кезінде:

- A) Нақты пайыз мөлшерлемесі атаулы пайыз мөлшерлемесінен төмен болады
- B) Жұмыссыздық деңгейі артады
- C) Атаулы пайыз мөлшерлемесі нақты пайыз мөлшерлемесінен төмен болады
- D) Тауарлардың салыстырмалы бағасы төмендейді
- E) Қарыз алушы ұтылады, қарыз беруші ұтады
- F) Адамдардың нақты табыстары өседі

20. Экономикада 1 тоннасына 100 доллар бағамен 10 тонна бидай және 1 станоктың бағасы 500 доллар болатын 2 станок өндіріледі деп жорамалдайық. Сонда бұл елдің ЖҰӨ -і тең болады:

- A) 1000
- B) 500
- C) $500 \cdot 2 + 100 \cdot 10$
- D) 20
- E) 2 000
- F) $1000 + 1000$

21. Инфляция мен жұмыссыздық арасындағы өзара байланыс:

- A) Жұмыссыздық өседі, инфляция да өседі
- B) Лаффер қисығында көрсетілген байланыс
- C) Тікелей байланыс
- D) Жұмыссыздық төмендейді, инфляция өседі
- E) Тура байланыс
- F) Кері байланыс
- G) Филипс қисығында көрсетілген байланыс

22. Ағымдағы операциялар бойынша Қазақстан мемлекетінің балансында тапшылық болса:

- A) Тапшылық қаржыландырылады
- B) Экспорт көлемі ұлғайтылады
- C) Экспорт көлемі қысқартылады
- D) Ауыспалы валюта бағамы көтеріледі
- E) Импортқа салық салынады
- F) Экспорт қаржыландырылады
- G) Фиксалдық саясат жүргізіледі

23. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:

- A) Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді
- B) Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды
- C) Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады
- D) Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді
- E) Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең
- F) Импорттың мөлшеріне тәуелді
- G) Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең
- H) Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді

24. Валютаның еркін айналым бағамы әдісінің кемшіліктері:

- A) Экспорт көлемін қысқарту
- B) Белгісіздік және сауданың нашарлауы
- C) Резервтерді қолдану
- D) Сауда жағдайы
- E) Ұлттық валютаны құнсыздандыру
- F) Тұрақсыздық

25. Тұрғындардың өсуінсіз және технологиялық прогрессіз тұрақты жағдайда дұрыс тұжырымдама:

- A) Еңбек өнімділігі артып, өндірілген өнім көлемі ұлғая түседі
- B) Экономикаға инвестиция тарту ұлғая түседі
- C) Бір жұмысшының жинақтауы бір жұмысшыға шаққандағы капиталдың тозуына тең
- D) Жиынтық ұсыныс қысқа мерзімді кезеңде қарастырылады
- E) Капиталмен қарулану етілуі неғұрлым жоғары болса, инвестиция көлемі соғұрлым жоғары болды
- F) Жұмыссыздық деңгейі төмендейді және инфляция жойылады
- G) Бір жұмысшыға шаққандағы капитал көлемі уақыт кезеңінде тұрақсыз болып қалады

**Макроэкономика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Менеджмент

1. Жүйе шекарасы арқылы сыртқы ортадан енетін объектілер:

- A) Мәліметтер
- B) Соңғы өнім
- C) Өнім мен қызмет
- D) Мәліметтер мен соңғы өнім
- E) Материалдар
- F) Пайда және энергия
- G) Энергия

2. Кәсіпорын басшысының жеке адамдармен ақпарат алмасудағы кедергілер:

- A) Мәліметтердің дұрыс өңделмеуі
- B) Дене тұрысы мен сөз ырғағына зер салу
- C) Түсініп, ұғынуға қатысты кедергілер
- D) Вербалсыз кедергілер
- E) Мәліметтің тым көп келуі
- F) Хабардың бұрмалануы

3. Ұйымдастырылуына қарай шешімдердің түрлері:

- A) Жекелей
- B) Сыртқы
- C) Күнделікті
- D) Ішкі
- E) Перспективалық
- F) Жедел

4. Тиімді менеджментте стратегияны жасау үшін пайдаланылатын қозғаушы күштер:

- A) Табиғи ресурстарды молайту
- B) Ғылыми-зерттеу
- C) Технологияны ойластыру
- D) Еңбекті ұйымдастыру
- E) Материалдық-техникалық қамсыздану
- F) Талдау жүргізу

5. Бірінші қажеттілікке жататындар:

- A) Тамақ
- B) Табысқа жету
- C) Қажетсіну
- D) Үйірсектік
- E) Билік ету
- F) Өзін құрметтеу

6. Менеджмент кітабының авторлары:

- A) М.Х. Мескон
- B) Ф.Хедоури
- C) Ф.Герберг
- D) Д.Маккеланд
- E) П.Лоулер
- F) М.Альберт

7. Дау жанжалдың түрлері:

- A) Жеке адам мен топ арасындағы дау -жанжал
- B) Жеке адамның дау-жанжалы, топ аралық дау-жанжал
- C) Жоспарсыз
- D) Нәтижесіз
- E) Нәтижелік
- F) Жоспарлы

8. Ұйымда келіспеушілікті тиімді басқару үшін:

- A) келіспеушіліктің қандай түрлері болатынын білу керек
- B) танымдық келіспеушілік қалай пайда болатынын білу керек
- C) тұлға аралық келіспеушілікті қалай жоюға болатынын білу керек
- D) келіспеушілікті қалай жоюға болатынын білу керек
- E) келіспеушіліктер қалай пайда болатынын білу керек
- F) топ ішіндегі келіспеушілікті қалай жоюға болатынын білу керек

9. "Классикалық мектептің" қалыптасу алғышарттары:

- A) Бірінші дүниежүзілік соғыс
- B) Кәсіподақтың өсуі
- C) Өндірістің құлдырауы
- D) Ұйымдар санының өсуі, тауар мен қызмет көрсету нарығының өсуі
- E) Жоғары технологиялық өнімнің өмірге келуі

10. "Жеті жарғы" заң жинақтарында мемлекетті басқару жөніндегі өз пікірлерін мазмұндаған қазақтың көрнекті өкілдері:

- A) Абылай хан (1711-1781)
- B) Тәуке хан (1680-1715)
- C) Төле би (1663-1756)
- D) Кенесары хан (1802-1847)
- E) Айтеке би (1682-1766) мен Абылай хан (1711-1781)
- F) Абылай хан (1711-1781) мен Тәуке хан(1680-1715)
- G) Әбілхайыр хан (1693-1748)

11. Басқарудың теориясы мен тәжірибесінің дамуына қатысты тарихи кезеңдер:

- A) Өндірістік және өнеркәсіптік
- B) Ғылыми басқару
- C) Ерте кезең, индустриалдық кезең
- D) Дамушы кезең
- E) Орта кезең
- F) Ақпараттық кезең
- G) Жүйелеу кезеңі

12. Ақпарат-басқару жүйесін жобалау кезеңдері:

- A) Мәліметті өңдеу процесін жобалау
- B) Жүйе деректерін жетілдіру
- C) Пайдаланушылардың жүйені жобалауға қатысуы
- D) Басқару жүйесін жобалау
- E) Қажетті мәліметтерді жинау
- F) Қажетті жабдықтарды дайындау

13. В.Зигерт пен Л.Лангтың атап көрсеткен наразылық туғызатын кателері:

- A) Өрескел бақылауға жол берме
- B) Екі жақты қарым-қатынасты белгіле
- C) Өз қорытындынды іште сақтама
- D) Бақылау қақтығыспен шешілмеуі тиіс
- E) Жасырын бақылау реніш тудырады

14. Топқа кірудің басты себептері:

- A) Құрамында болу сезімі
- B) Өзара жәрдемдесу, тығыз қарым-қатынас
- C) Мөлшері, құрамы
- D) Бірін-бірі қорғау, мүдделілік
- E) Мүдделілік, пайдаға жетудің жолдарын жеке іздестіру

15. Теріс ықпалдың сипаты:

- A) Көтермелеу әдісін қолдану
- B) Шығындарды азайтуға күш салу
- C) Жазалаудан қауіптену
- D) Талқылаудан қауіптену
- E) Сөгістен қауіптену

16. Творчестволық (шығармашылық) ықпалдың сипаты:

- A) Шығындарды азайтуға күш салу
- B) Жаңаша жұмыс істеуге ұмтылу
- C) Жазалаудан қауіптену
- D) Көтермелеу әдісін қолдану
- E) Талқылаудан қауіптену

17. Басшы жұмысының стилі:

- A) Басқару ісін жүзеге асырудың жиынтық тәсілдері
- B) Шешім қабылдау
- C) Жұмыскерлер мен еңбек ұжымына ықпал ету
- D) Басқару қызметін орындау процесінде әрекеттерді үйлестіруді қамтамасыз ету
- E) Қызметкерлерге тапсырма беру әдісі

18. Биліктің негізі формалары:

- A) заңды билік
- B) мәжбүр етуге негізделген билік
- C) қайшылыққа негізделген билік
- D) коммуникацияға негізделген билік
- E) ақпараттық билік

19. Жеке билік – бағынушылар жағынан билік иесіне:

- A) аянбай қызмет ету
- B) жанжал көрсету
- C) сенімсіздік білдіру
- D) билік көрсету
- E) жағыну

20. Шешім шығару барысында алынған мәліметтерді талдаған кезде қолданылатын тәсілдер:

- A) Индуктивтік және дедуктивтік қорытындылау жасалынады
- B) Жекелей бақылау жүргізіледі
- C) Тиімді нұсқаларды таңдап алу
- D) Әртүрлі дәлелдеу тәсілдері қолданылады
- E) Сапалы мәліметтерді зерттеу үшін логикалық амалдар қолданылады
- F) Ең қолайлы шешімді таңдап алу

21. Жарнама шараларының жоспарына жататыны:

- A) Нарықты зерттеу
- B) Жарнаманың тікелей тиімділігін дәл анықтау
- C) Жарнама қаржыларын бағалау
- D) Жарнама науқандарын өткізу
- E) Көрмелер мен экспозицияларға қатысу
- F) Бәсекелестер жұмсаған қаржыны анықтау
- G) Күнделікті жарнама шараларын өткізу

22. Жарнама бюджетін анықтауда қолданылатын тәсілдер:

- A) Тиімділікті болжалдау
- B) Өтімділікті жабуды талдау
- C) Бәсекелестер жұмсаған қаржыны анықтау
- D) Капиталға қажеттілікті анықтау
- E) Жарнама қаржыларын бағалау
- F) Деректерді талдау
- G) Айналым пайызын анықтау

23. Ұйымдардың механистикалық түрлерінің шарттары:

- A) басқару жүйесін ұйымдастыру
- B) еңбекақы ынталандырады
- C) қажетті жұмыскердің болуы
- D) жұмысты өлшеуге болады
- E) басқару объектісі мен субъектісі арасындағы байланыстарды ұйымдастыру
- F) басқару субъектісінің ішіндегі байланыстарды ұйымдастыру
- G) әр жұмыскердің өз рөлін білуі

24. Ұйымдардың механистикалық түрлерінің сипаттамалары:

- A) жұмыс ереже бойынша жүргізіледі
- B) жоспарды құру
- C) қажетті жұмыскердің болуы
- D) жұмыстар мамандандырылған
- E) ынталандыруды жүзеге асыру
- F) әр жұмыскердің өз рөлін білуі
- G) әр жұмыскердің жоспарын білуі

25. Топтағы іс-әрекеттің түрлері:

- A) Мәліметтерді алу, пікір айту, талқылау, үйлестіру
- B) Көтермелеу, өлшемдерді белгілеу, орындаушылық
- C) Ынталандыру, бейресми топтардың жұмысын үйлестіру
- D) Бейресми топтарды тиімді басқаруға ұмтылу
- E) Қадағалау мен бақылауды күшейту
- F) Мәлімет жинау, ресми топтар құру
- G) Мәліметтерді жинау

**Менеджмент
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Мемлекеттік басқару теориясы

1. Мемлекеттік басқарудың негізгі көрсеткіштері

- A) Құндық және бағалық
- B) Әлеуметтік-экономикалық
- C) Оңтайлылық
- D) Макроэкономикалық
- E) Микроэкономикалық
- F) Сандық, сапалық және салыстырмалы

2. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы бір уақытта тек үш деңгейде жүргізіледі

- A) мемлекеттік
- B) ақпараттық
- C) аймақтық
- D) азаматтық
- E) халықаралық

3. Қазіргі кезеңге тән мемлекеттің қоғамдық функциясы

- A) экономика және әлеуметтік саланың дамуын қамтамасыз ету
- B) қоғамдық өмірді заң талаптарына сәйкес реттеу
- C) егемендік
- D) сыртқы
- E) әлеуметтік
- F) қоғамдық тауарлар өндірісі
- G) ішкі

4. Мемлекеттік шешімнің басты сипаттамалары

- A) шешімнің ақпараттық қамтамасыздығы
- B) жариялылық
- C) ашықтық
- D) уақытылы болу
- E) табандылық
- F) ақиқаттық

5. Мемлекеттік басқару келесі қағидаттарға негізделген

- A) Дара басшылық
- B) Көпшілікті басқаруға қатыстыру
- C) Демократизм
- D) Объективтілік
- E) Ұлттардың тең құқықтығы

6. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі қосалқы қызметтер

- A) Жабдықтау қызметтері
- B) Аймақтық қызметтер
- C) Тікелей қызметтер
- D) Көлденең қызметтер
- E) Провинциал қызметтері

7. Басқарушылық қызмет

- A) Салалық деңгейдегі қызмет
- B) Әлеуметтік-психологиялық құбылыс
- C) Халықаралық деңгейдегі қызмет
- D) Әлемдік деңгейдегі қызмет
- E) Қолданбалы сипатты құбылыс
- F) Аумақтық деңгейдегі қызмет

8. Мемлекеттік шешімдер мазмұны бойынша келесі түрлерге классификацияланады:

- A) қысқа мерзімді
- B) саяси
- C) жедел
- D) маңызды
- E) саяси
- F) ұйымдастырушылық
- G) әкімшілікті

9. Федерациялық мемлекет белгілермен сипатталады:

- A) Федерациялық - аумақтық бөлінуі
- B) Федерациядағы азаматтық екі түрде рұқсат етіледі
- C) Әкімшілік-аумақтық бірліктеріне бөліну
- D) Ұлттардың көптігі
- E) Федерацияны құрайтын мемлекеттік бюджет, оның тең құқылы субъектілері болып табылады

10. Конституциялық демократиялық мемлекеттің тұжырымдамасы XVIII-XIX ғасырдағы теоретиктердің еңбектерінде қалыптасқан:

- A) А.Смиттің
- B) К.Маркстың
- C) Н.Кареевтің
- D) А.Пушкиннің
- E) Дж. Локтың

11. Мемлекеттік басқарудың заңға сүйенген реттеудің пішін көрсетілетін талаптар:

- A) заңға сүйенген нормалардың бүтіндігі
- B) заңға сүйенген нормалардың жедел қимылдаушылығы
- C) заңға сүйенген нормалардың орнықтылық және тұрақтылығы
- D) заңға сүйенген нормалардың қабылдануын уақытылы болу
- E) заңға сүйенген нормалардың толықтық және ішкі келісушілігі

12. Заңдарды қабылдайды:

- A) Жоғары заң-шығарушы орган
- B) Президент және Үкімет
- C) Үкімет
- D) Жоғары заң-шығарушы орган немесе референдум
- E) Тек қана халық
- F) Референдум
- G) Президент

13. Әкімшілік-құқықтық реттеу механизмі төмендегідей құралдардан қалыптасады

- A) Нормативтік құжаттар
- B) Бұйрықтар
- C) Жарлықтар
- D) Ерік білдіруде біржақтылық
- E) Әкімдер
- F) Әкімдерге құқық субъектілерінің бағыныштылығы
- G) Келісім-шарттар

14. Мемлекеттік басқару субъектісіне қатысты құқықтық реттеудің әдістері

- A) Орталықтандырылған реттеу
- B) Бағалық реттеу
- C) Нормативтік реттеу
- D) Орталықсыздандырылған реттеу
- E) Субсидиарлы реттеу

15. Бюрократияның қызметінде ақаулардың пайда болу себептері

- A) Жариялылықтың жоқтығы
- B) Орталықтандырылғандық
- C) Авторитарлық
- D) Өте тиімді шешімдердегі қызығушылықтың жоқтығы
- E) Жүргізілетін реформаларға бюрократияның қызықпаушылығы
- F) Басқарушы мамандардың жоқтығы
- G) Сөз бостандығының болмауы

16. Демократияның негізгі сипаттамалары:

- A) қоғам мен мемлекеттің тең құқық жағдайы
- B) тең құқылы азаматтар, қоғам мен мемлекеттің тең құқық жағдайы
- C) халықтың әлеуметтік жағдайы
- D) бас бостандығынан айырылған азаматтар
- E) нақты адамдар жиынтығы
- F) функционалдық-құқықтық жағдайы

17. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасы:

- A) Ұйымдық потенциалға байланысты
- B) Дайындық сапасына
- C) Күш жігеріне
- D) Халықтың территориялық бөлінуіне
- E) Құрылымына байланысты
- F) Персоналдар санының өсуіне

18. Сенат депутаттары құралады

- A) Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы
- B) Республика азаматтарының ашық дауыс беруі арқылы
- C) Парламент депутаттарының шешімімен
- D) Әр облыс әкімдері өз өкілдерін тағайындайды
- E) Он бес депутатты Республика Президенті тағайындайды
- F) Әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан екі адамнан
- G) Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан

19. Қазақстан Республикасының Президентін сайлайды

- A) Елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты
- B) бес жыл мерзімге
- C) Республика Парламентінің депутаттарының ашық дауыс беруі арқылы
- D) Заңда белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін
- E) Төрт жыл мерзімге
- F) жеті жыл мерзімге
- G) Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы

20. Мемлекеттік басқарудың қоғам дамуындағы айқындылығы:

- A) бағынушыларға деген басшының көзқарасын қалыптастырады
- B) қоғам өміріндегі салалалар мен жеке тармақтардың ерекшелігін айқындайды
- C) мемлекеттік қызметкерлердің қоғам мен мемлекетке қатынасын нығайтады
- D) заңдылықтың міндетті түрде есепке алынуын болжайды
- E) басшының жұмыс мәдениетін байытады
- F) экономикалық, құрылымды табу, оның әсері мен басқару тәжірибесінде нәтижелі формаларын қолдануы

21. Мемлекеттің қазіргі заманғы эволюциялық этапын сипаттайды:

- A) федеративті процестің кеңейтілуі
- B) мемлекет еркін адамдардың бірлестігі құруды жүзеге асырды
- C) халық мемлекеттік билікпен келісім шартқа отырып, саяси процеске араласты
- D) билеу мен билік ету қатынастары бар мықты монархтық билік
- E) конфедеративті процестің кеңейтілуі
- F) федеративті және конфедеративті процестің кеңейтілуі

22. Құқықтық мемлекет құру:

- A) әлеуметтік субъектілердің қоғамдастығын құрады
- B) заңдардың орындалуын ұйымдастырады
- C) дамудың бірнеше кезеңдерін қамтиды
- D) мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, қоғамнан, халықтан байсалдылық пен күш-жігерді талап етеді
- E) әлеуметтік қарым-қатынастар мен институттардың қоғамдастығын құрады

23. Мемлекеттік басқарудың қағидалары:

- A) демократизм
- B) ақиқат
- C) тиімділік
- D) объективтік
- E) лояльды
- F) қамтамасыз етілгендігі
- G) үнемділік

24. Мемлекеттік басқарудың жүйелеу қағидасы:

- A) техникалылығы
- B) экономикалылығы
- C) орталықсыздандырылған
- D) саясылығы
- E) орталықталған және орталықсыздандырылған
- F) түрлілігі

25. Азаматтық қоғам қағидалары:

- A) өңделген жоба сәйкес мәліметтермен бірге сараптама бөліміне жөнелтеді
- B) жергілікті атқару органдарына есеп беру арқылы
- C) барлығының заң мен сот алдында теңдігі
- D) тұлға, қоғам мен мемлекеттің қызығушылық балансы мен жауапкершілігінің үйлесімділігі
- E) әкімшілік отырысқа кіргізілетін мәліметтерге, керек жағдайда, қосымша ақпараттық мәліметтер дайындалады
- F) мәліметтермен бірге жоба дайындалады
- G) азаматтардың құқықтары мен босатандықтарына қол жетімділігі
- H) әкімшілік жобалық актісін дайындайды

**Мемлекеттік басқару теориясы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**